

3. XIX ғасыр қазақ әдебиеті. Хрестоматия. Алматы: Ана тілі, 1992.- 224 б.
4. Тұрлығұлов Т.Қазақ елінің қысқаша тарихы.-Алматы: Рауан, 1995. - 256 б.

Резюме

В статье рассматриваются вопросы определенного жанра исторического поэтического творчества воспеания казахских акынов (поэтов) в период о неустанной борьбе казахского народа против колониальной политики царской России в Казахстане.

Summary

The article deals with the problems of poet's creative works singing in a certain genre in the relentless struggle of the Kazakh people against the colonial policy of tsarist Russia in Kazakhstan.

XIX ҒАСЫРДЫҢ ЕКІНШІ ЖАРТЫСЫНДАҒЫ СЕМЕЙ АЙМАҒЫНЫҢ БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫНЫҢ ДАМУ ТАРИХЫНЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

Қ.Болатова –

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің ізденушісі

Қазан төңкерісіне дейінгі кезеңде Шығыс Қазақстандағы халыққа білім беру мен сауаттандыру ісі өте төмен жағдайда болды деген пікірлер кеңестік дәуірде де өріс алған еді. Әіресе бұл мәселе мұсылманша сауаттанғандар тарапына қатысты үлкен белең алды. Сауаттылар көбіне мұсылман тұрғындар арасында орысша сауаттылар атап айтқанда жазып бере алатындар діни қызметкерлер мен қазақ шенеуниктері мен феодалдардың арасында болды.

Орыс білімі Қазақстанға негізінен Қазақстанның Ресейге қосылған кезінен кейін өріс ала бастады. Қазақ даласында орыс мектептерін ашу біріншіден отарлау мақсатында болса, екіншіден патша үкіметі үшін жергілікті халықтың діні мен дәстүрін, тілін білетін адамдар қажет болды. Олар арқылы өзінің отарлау әкімшілік аппаратурасын құруды көздеп, сонымен қатар мектептер ашудың тағы бір себебі далалық облыстағы шеткері халықтар мен шаруашылық міндеттерді атқару үшін тіл мен, орыс білімін меңгерту қажеттілігі туындады. Жергілікті халықтың балалары айтарлықтай орыс білімін меңгермесе орыс әкімшілік аппараты тарапынан оларға белгілі бір қажетті міндетер үшін тапсырмалар беру мүмкіндігі де шектеулі болды /1/.

Осы жағдайларды ескере отырып, Семей қаласының әкімшілік басқару органдары уездік училище ашу жөнінде мәселені негізге алды. Бұл уездік училищені ашу үшін төменгі класты немесе прихоттық училищені қоса отырып ашу мәселесі ұсынылды /2/.

Ал бұл аталған уездік училищені Семейде ашу жөніндегі шешім 1831ж негізге алынды. Уездік училищені ашу жөніндегі рұқсат 1833ж 18 шілдеде рұқсат берілді, 1833ж 18 қыркүйегінде ашылды.

Алғашқы уездік училищенің ашылуы Семей өңіріндегі білім ордалардың ашылуының маңызды қадам болды. Бұл білім ордаларының ашылуы тек орыс тұрғындарының балалары ғана емес, қазақ тұрғындары балаларының білім алуына да тиімді қызмет атқарды. Жаңа білім беру мекемесінің ашылуы барысында қала мне округ халқы өз балаларын білім ғылым мен сусындату үшін мүмкіндік алды. Ал мұсылман қауімі училищенің ашылуы кезінде 90- аса татар, 8- ташкенттік, 90-қырғыз мешітерінде білім алып жатқан балаларын біртіндеп оыс біліміне бере бастады /2/. Училищені ашу барысында қиындық туғызған мәселелер қатарына оның қаржыландырылу мәселесі болды.

Қала тұрғындары қалалық училищені қаржылай қамтамыз етуге толық мүмкіндіктері бар еді. Бірақ Шығыс аймақтағы тұрғындардың яғни ауқатты мұсылмандардың көпшілігі өз балаларына білімді медреселерде бергендіктен, мұндай қаржыландыру іс – шарасына бірден кірісіп кете алмады. Осындай жағдайлар патшалық Ресей тарапынан жаңа ашылған мекептердің әрі қарай өрістеуіне кедергілер де туғызып отырған /2/. Осы училищені ашу барысында қалалық әкімшілік тұрғындар тарапынан қаржыландыруды негізге алмай қалалық кірістен мұғалімдер мен училищенің қамтамасыз етілуін жоспарға енгізді. Қалалық қаржы тарапынан училищенің жұмыс істеуі қолға алынды.

Училище мекемесін сатып алу үшін қалалық бюджеттен 491 сом, 20 тиын қаржы бөлінгендігі жөнінде мұрағат деректерінде құжаттар сақталынған. Уездік училищеде сабақ тек орыс тілінде ғана жүргізілген жоқ. Тұрғындардың өтініші бойынша татар тілі де қосымша жүргізілген/3/.

1833 жылғы бекітілген Оқу мекемесінің ережесіне сәйкес уездік училищеге қабылдау үшін оқуға қабылданушылар оқып, жаза білулері міндетті болды және арифметиканың 4 негізгі ережелерін меңгерулері қажет болды. Семейде бірақ осы кезеңде уездік училище талаптарына дайындық жүргізетін приходтық училище болмаған. Сондықтан қалалық училище ашылғаннан кейінгі жылдары бір мезетте приходтық училище де ашылды. Н.Абрамовтың «Областной город Семипалатинск» атты еңбегінде осы жылы осы оқу орнында 110 адам оқыған /4/. 1833 жылы осы училищенің оқытушысы болып, Тобыл оқытушылар семинариясын аяқтаған Курган мещанының баласы Петр Худяков тағайындалған деген мәлімет келтірілген /5 /.

Бұл деректі келтіруіміздің себебі Семейде осы кезеңде мұғалім кадрлар дайындайтын арнайы мекемелердің болмағандығын жеткізу еді. Аймақтағы балалардың көпшілігі атап айтқанда XIX ғасырдың 60 жылдары 120 дан астам бала арнайы үйлерде әсіресе шенеуніктер балалары білім алған. Аймақтағы казак балалары үшін арнайы 20 балалық мектеп станицада орналасты. Онымен қатар қалада 1859 жылы 1 штаттық бақылаушы және 3 оқытушыдан құралған үш класты училище ашылды. Онда осы жылы 50шақты бала білім алды /4 /.

Кейіннен жаңа казак приходтық училищелері бой көтере бастады. Мұсылман балаларына арналған арнайы мектептер мешіттер жанынан ашыла бастады. Мұндай мектептердің көпшілігі негізінен XIX ғасырдың 50 жылдары бой көтерді. Жылына аталған мектептерде балалары 3- 4 ай мерзімінде ғана білім алды. Қазак орыс қатынастарын сипаттайтын «Казахско-русские отношения в XVIII – XIX веках» жинақта орыс - азияттық мектептерде негізінен оқуға барлық талпынысы бар адамдар құқылы болды. 1857 жылдың 3 шілдесінде осы мектептерге байланысты арнайы қаулы шығарылды.

1863 жылы бір Семей қаласындағы мектептер саныны мысал ретінде келтірейік:

Кесте 1 -1863 жылғы Семей қаласындағы мектептер саны мен оқушылар құрамы

Училищелер атауы	Училищелер саны	Оқушылар саны
Уездік училище	1	73
Уездік училище жанындағы әйелдер мектебі	1	78
Приходтық училище	2	106
Казак училищесі	14	231
Жеке татар мектептері	9	479
Барлығы	25	917 адам

Семей қаласындағы әйелдер мектебі 1864 жылы уездік училище жанынан қайта ұйымдастырылып, 2 разрядты әйелдер училищесі болып аталды. 1871 жылдан бері гимназия деңгейіне көтерілді. XIX ғасырдың 80-90 жылдары мұсылмандар балалары білім алып жатқан жеке татар мектептері де сақталып, өмір сүрді. Дегенмен де Шығыс Қазақстан облысында XIX ғасырдың аяққы шеніне дейін толық курсты тұрғындарды қамтыған білім беру жаппай сипат алмаған еді. Осы мәселеге қатысты 1883 жылғы «Сібір газетінде» мынандай сипаттама берілген: «Наш город не богат учебными заведениями. Городское и приходское училище и женская школа – вот и все рассадники просвещения, где черпает необходимые знания подрастающее поколение города», - делінген. Шығыс Қазақстан аймағындағы көшпелі тұрғындардың балаларына арналған Семей қаласында ерлер және әйелдер интернаты болды. Мұндағы ер балалар қалалық оқу орындарындағы жалпы білім ордаларында оқыса, қыз балалар – интернаттарда білім алды. Алайда бұл интернаттарда сабаққа дайындалып өмір сүруге

қолайлы жағдай жасалмағандығы жөнінде сол кезеңдегі жауапты тұлғалардың жазбаларындағы деректерде сипаттама берілген. Осы кезеңде ашылып жатқан интернаттар жағдайы жөнінде көптеген мәліметтер Сібір басылымында жарық көріп тұрған. Оған мысал ретінде 1883 жылы Семей өңіріндегі осы интернаттар жайында мынандай мәліметтер келтірілген: «интернаттардың жағдайы өте төмен, комнатарлар тар және лас, өмір сүріп оқуға жағдай жасалмаған» деген деректер келтірілген.

XIX ғасырдың 80 жылдары Семейде казак училищесінен басқа, жеке татар мектептерінен басқа төмендегідей оқу орындары жұмыс істеді. Әйелдер гимназиясы /Бұл 1871 жылы әйелдер мектебі орнына құрылды./ /6/ 5-сыныптық ерлер училищесі /1881жылы үш класты уездік училище негізінде құрылған) ол негізінен 1859 ж. ашылған еді), 1832 жылы негізі қаланған приходтық училище, қазақтарға арналған станциялық мектеп, 1872 ашылған казак ер балаларына арналған интернат, /6/. Қазак қыздарына арналған интернат, /7/

Мешіт жанындағы татар мектебі /8/ және еврей мектебі. Сонымен қатар қалада ауылшаруашылық мектебі болды. Ол мектеп «Шеткері /халықтар) тұрғындарға» арналған болатын. Оны облыстық жерді қаржыландыру мәселесі мен жер шаруашылығы департаменті жәрдем ақысы тарапынан қаржыландырып отырды.

Оқушылар оқу орындары бойынша төмендегідей құрамда белгіленеді: Әйелдер гимназиясында 114 қыз бала, қалалық училищеде 128 ер бала, мухаметтік мектептерде – 448 ер бала, ал еврейлерге арналған мектепте – 15 ер бала оқытылды /9 /.

Семей қаласындағы прогимназияда 1894-1895 жылы алғашқы 2 класты болса, 1895-1896 жж. 3-4 кластар ашылды. Гимназияның алғашқы кезеңде арнайы өзіне тән мекемесі болды. Қаланың тұрғындар қаражатынан түскен қаржыға жалға мекеме алып отырды.

Әйелдер гимназиясыда жетіле келе 1895 жылы 4 класты болды және дайындық курсынан тұрды. Осы 1895 жылы қалада әйелдер приходтық училищесі ашылды. Бірақ мұндай білім орындарының Шығыс Қазақстан аймағында бірінен кейін бірі ашылғанымен кадр мәселесі қиындық туғызды. Мұғалімдер жетіспеді. Мұғалімді қамтамасыз етуге, мектеп керек-жарақтарын алуға қаржы жетіспеді. Мектептер мен білім ордаларының әрі қарай дамуына жоғарыда аталған қаржыландыру барысындағы қиындықтармен қатар, оқытушы мамандарының жетіспеушілігі орын алды және оқу үрдісі нашар ұйымдастырылуға да орын берілді. Осындай келеңсіздіктер барысында көптеген мектептерқысқа мерзімде жабылып отырды. Мысалы Шығыс Қазақстан облысы аймағы бойынша мысал келтірсек : Семей ауылшаруашылық мектебінің 1895 ж Н.Пивоваревтің есебінде Семей ауылшаруашылық мектебінде көптеген кемшіліктерге орын берілгендігін атай келе, білім беру , барысының нашар ұйымдастырылуының негізінде,білім сапасыздығын алға тартып, оны жабуды негіздеген. /10/

Білім саласында осындай кемшіліктермен қатар жетістіктер мен даму, алға басушылық та орын алды. кейбір гимназиялар мен училищелерге түсу үшін аймақта Патшалық Ресейдің білім беру заңдарына сәйкес талаптар да қойыла бастады. Сөзіміз дәлелді болу үшін мынандай мысал келтірейік: Семей ерлер гимназиясына түсу үшін жалпылама қабылдау оқу жылының бас кезінде жүзеге асқан. Ол жыл сайын барлық кластарға арналып өткізіліп отырған. 1 класқа түсуші талапкерлерге арнайы алдын ала дайындық талап етілді және ол бойынша құдай заңдары бойынша /молитва), орыс тілін және арифметиканы меңгеруі керек болды. Оқу ақылы жүзеге асты. Жылына гимназияда білім алу 40 сомды құрады. Ал сонымен қатар әйелдер гимназиясы да ақылы болды. Әйелдер гимназиясының дайындық курсына оқу 29 сомды құрады. Тек француз тілін оқытуға бөлек арнайы 6 сом жылына ақы төленді. /11/. Ал жалпы гимназияда білім алу – Семей ерлер гимназиясында – 131 сом, 36 тиынды құрады. Ал әйелдер гимназиясында бір адамға жылына 58 сом 3 тиынды құраған.

Гимназиялардағы оқу ақысының қымбаттығынан қарапайым Семей аймағының тұрғындары өз балаларын қалалық оқу орындарына беру мүмкіндіктері шектеулі болды. Осыдан барып Патшалық Ресейдің сол кездегі деректерінің негіздеуі бойынша қала халқының жартысы сауатсыз болды.

Оны 1882 ж. санақ негізіндегі деректер бойынша мынандай сипатта көрсетілген. 1882 ж. санақ бойынша Семей бойынша сауатты яғни оқи алатындар саны 3289 адам.

Мүлдем сауатсыздар саны 1388 адамды құраған. Жалпы пайыздық көрсеткіш бойынша сауаттылық деңгейі мынандай көрсеткіште берілген /12/.

Кесте -2

Сауаттылық	Омбы		Семей	
	ерлер	әйелдер	ерлер	әйелдер
Сауаттылар	44,4%	22,5%	24,8%	10,0%

Жартылай сауаттылар	6,6%	4,7%	3,0%	4,4%
Сауатсыздар	49,0%	73,0%	72,0%	85,6%

Сонымен қатар бұл деректер Записки Зап-Сиб. отд. ИРГО деректерінде де берілген /13/.

1 *Торговля в Семипалатинске. II Сибиреная газеті 1888, №26*

2 *РФ ООММ қ.,3; т., 1, іс 696 Об открытии уездных училищ. – П. 32*

3 *ҚРОММ қ., 64. т. 1, іс 57 – 1 б.*

4 *Н. Абрамов Областной город Семипалатинск. – Семипалатинск, 1900. – 147 с.*

5 *ҚРОММ қ., 64., т., 2, іс 969- С. 40*

6 *ҚРОММ қ., 64., т.,1 – іс 2966 «Женская 4-х класная прогимназия в Семипалатинске» – б 25.*

7 *Учебное заведения в г. Семипалатинск в 1882 году // Семипалатинские областные ведомости, 1886 №31-с.1-3.*

8 *Народное просвещение // семипалатинские областные ведомости, 1886 №33-1с.*

9 *Обзор Семипалат области за 1888 г 75 стр*

10 *ҚРОММ қ. 460, т.,1, іс - 9-8- С.63*

11 *Памятная книжка Семипалатинской области на 1901 г.– 42*

12 *Распределение жителей по грамотности по переписи 1882 г. Семипалатинские областные ведомости, 1886. №4 – 12-17 С.*

Записки Западно-Сибирского отделения ИРГО, IV Омск, 1882.– С.29

13 *ҚРОММ қ., 86, т., 1, іс 2- П. 1.*

Резюме

В данной статье автор рассматривает некоторые вопросы, касающиеся истории развития народного образования в городе Семипалатинске в XIX веке.

Summary

In given article author considers some questions of the development to histories in sphere public education in city Semipalatinsk in XIX ages.

Ы.АЛТЫНСАРИН АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ БІЛІМ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ ҚАЗАҚСТАН ПЕДАГОГИКА ҒЫЛЫМЫН ДАМУДАҒЫ ОРНЫ МЕН РӨЛІ (1985-2000 жж.)

Ш.К.Ахметова –

Қазақ Мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің ізденушісі

Кеңестік дәуірдің 30 жылдары еліміздің Халық ағарту комиссариатының қарамағындағы Ғылыми – педагогикалық кабинет негізінде педагогикалық ғылыми зерттеу институты 1933 жылдың қаңтар айында қалыптасты. Осы мекеме Қазақстанның педагогика ғылымының дамуына үлкен үлес қосып, көшбасшы мекеме ретінде рөл атқарды. Институт құрамында алғашқы кезеңде бағдарламалық әдістемелік, педагогикалық, политехникалық, сектор және оқулық әдебиеттердің кабинеті болды /1/. Ы.Алтынсарин атындағы Қазақ білім академиясы Қазақстан Республикасының жетекші ғылыми мекемесі болып табылды. Академияның қалыптасу тарихы ҚазКСР ағарту халкомы Ғылыми – зерттеу педагогикалық институтын құру туралы бұйрыққа қол қойған 1933 жылдан басталады. 1936 ж. ол педагогика және мектептерді ұйымдастыру Институты, 1938 ж. - мектептердің ғылыми – зерттеу Институты, 1951 ж. – педагогикалық ғылымдардың ғылыми – зерттеу Институты болып қайта аталды.

Академияның негізгі атқаратын міндеті оқыту мен тәрбиелеу теориясы мен практикасын дамыту, реформалау үрдісін ғылыми және ғылыми - әдістемелік ілестіре жүру, жалпы орта және бастауыш, орта және жоғары кәсіптік білім беруді дамытуды қолдау және жетілдіру, дүниежүзілік білім кеңістігіне интеграциялану, психология – педагогикалық ғылымдарды дамыту, Қазақстан Республикасының әлеуметтік – экономикалық дамуындағы, жалпы алғанда қоғамның прогресті қайта құрылуындағы оның